

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық гидрометеорология қызметтерін қамтамасыз ету үшін тауар беріп тұру туралы келісімді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 ақпандағы N 200

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
1994 жылғы 9 қыркүйекте Москва қаласында қол қойылған
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық гидрометеорология қызметтерін қамтамасыз ету үшін тауар беріп тұру туралы келісім Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің

Қаулысы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-
мемлекеттердің ұлттық гидрометеорологиялық
қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар беріп
тұру жөніндегі Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь

Республикасы, Грузия Республикасы, Қазақстан Республикасы,
Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Россия Федерациясы,

Тәжікстан Республикасы, Түркменстан, Өзбекстан Республикасы,
Украина мемлекеттерінің үкіметтері жасасқан, Москва қаласында
1994 жылғы 9 қыркүйекте қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы-мемлекеттердің ұлттық гидрометеорологиялық
қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар беріп тұру туралы Келісім
бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің
Төрағасы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің ұлттық гидрометеорология
қызметтерін қамтамасыз ету үшін тауар
беріп тұру жөніндегі
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Осы Келісімге қатысушы
мемлекеттердің Үкіметтері,
Гидрометеорология саласындағы өзара іс-қимыл туралы 1992
жылғы 8 ақпандағы Келісімді негізге ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумағында
гидрометеорологиялық құралдар жасау жөніндегі кәсіпорындардың мамандарын ескере
отырып,

байқаулардың келісілген әдістемесін, гидрометеорологиялық ақпаратты және
табиғи ортаның жағдайы туралы деректерді, оның ішінде табиғи зілзалалар кезіндегі
жағдайы туралы деректерді жинау, тарату мен сақтаудың технологиясын сақтаудың,
сондай-ақ Дүниежүзілік Метеорологиялық Ұйым шеңберіндегі тиісті мемлекеттік
бағдарламаларды, халықаралық міндеттемелерді орындау қажеттігін сезіне отырып,
мыналар жөнінде келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мәні бұдан былай "тауарлар" деп аталатын атмосфераны, жер
қыртысын, су ресурстарын жедел байқауды, тиісті ақпарат жинауды, тарату мен
сақтауды қамтамасыз етулері үшін ұлттық гидрометеорологиялық қызметтер
пайдаланатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде

жасалатын қоса беріліп отырған "Тауар тізіміне" сәйкес гидрометеорологиялық құралдар, жабдықтар, олардың босалқы бөлшектері, аэрологияға жұмсалатын материалдар (шикізат ресурстарына жататындары) болып табылады.

2-бап

Әкетілуге (әкелуге) жататын тауарлардың көлемі Тәуелсіз мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің гидрометеорологиялық қызметтері арасындағы екіжақты шарттармен (келісімдермен) белгіленеді.

Осы Келісімде көзделген шарттар бойынша әкетілетін (әкелінетін) тауарларды ұлттық гидрометеорологиялық қызметтер тек осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға тиіс.

3-бап

Осы Келісімге сәйкес екіжақты шарттар (контрактілер) негізінде берілетін тауарлар кеден бажынан және салықтардан босатылады, сондай-ақ лицензиялау мен баға белгілеуге жатпайды.

Аталған тауарларды әкетуге (әкелуге) ұлттық заң актілерінің экономикалық саясат тұрғысынан белгілеген шектеулері қолданылмайды.

4-бап

Осы Келісімнің шарттарын екінші Тараптың бұзғандығын анықтаған Тарап оған біржақты тәртіппен осы Келісімнің 1-бабына сәйкес пайдаланылатын тауарлардың әкетілуі мен әкелуін тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын жүргізуге қақылы.

5-бап

Осы Келісімге оның мақсаты мен принциптерін толық қабылдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа да мемлекеттердің қосылуына жол ашық.

6-бап

Қандай да бір Тарап осы Келісімнен депозитарийді - Беларусь Республикасының Үкіметін осы Келісімнен шығу туралы өз шешімі жөнінде шығудан 12 ай бұрын жазбаша түрде хабарлағаннан кейін шығуына болады.

7-бап

Осы Келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді, ал

заңдары мұндай келісімдерді ратификациялауды немесе бекітуді талап ететін Тараптар үшін - олар ратификациялық грамоталар тапсырған немесе депозитарийге хабарлама жіберген күннен бастап күшіне енеді.

1994 жылғы 9 қыркүйекте Москва қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалады. Түпнұсқа данасы Беларусь Республикасы Үкіметінің Архивінде сақтаулы. Беларусь Республикасының Үкіметі осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасының	Молдава Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Армения Республикасының	Россия Федерациясының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының	Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Грузия Республикасының	Түркменстанның
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының	Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының	Украинаның
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

қатысушы мемлекеттердің ұлттық
гидрометеорология қызметтерін
қамтамасыз ету үшін тауар беріп
тұру жөніндегі 1994 жылғы
9 қыркүйектегі Келісімге
қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің ұлттық гидрометеорологиялық қызметтерін
қамтамасыз ету үшін беріліп тұратын гидрометеорологиялық
құралдардың, жабдықтардың, олардың босалқы бөлшектері
мен жұмсалатын аэрологиялық материалдардың
Тауарлық тізімі

N	Тауардың атауы	СЭҚ ТН бойынша коды

1	2	3

	1. Гидрометеорологиялық байқауларға және жұмыстарға арналған құралдар мен жабдықтар	
1.1.	геодезия (фотограмметриялықтарды қоса есептегенде), гидрографиялық, океанографиялық, гидрологиялық, метеорологиялық және геофизикалық құралдар мен аспаптар, дальномерлер, автоматты метеостанциялар	9015
1.2.	Термометрлер, барометрлер, гигрометрлер, психометрлер	9025
1.3.	Поршеньді іштен жанатын двигателі және ұшқынды оталдырғышы бар электргенера.- торлық қондырғылар	8502 20 990
	2. Қоршаған ортаның жай-күйін байқауға арналған құралдар мен жабдықтар	

2.1. Физикалық және химиялық талдауларға арналған құралдар мен аппаратура	9027
2.2. Осциллоскоптар, спектрометрлер, электр шамаларын өлшеу мен бақылауға арналған басқа да құралдар мен аппаратура, альфа-, бета-, гамма-, рентген, космостық және басқа да иондайтын сәулелерді табу мен өлшеуге арналған құралдар мен аппаратура	9030
2.3. Өлшеу белгілерімен бөлінген не ондай белгілері жоқ, калибрленген немесе калибрленбеген лабораториялық шыны ыдыстар	7017
2.4. Арнаулы мақсаттағы автомобильдер (табиғи ортаның ластануын бақылау жөніндегі көшпелі лабораториялар)	8705 90 900
2.5. Таразы	9016 00 100
2.6. Термостаттар	9032 10
3. Аэрологиялық байқауларға арналған құралдар мен шығыс материалдар	
3.1. Радиолокациялық аппаратура	8526
3.2. Улы натр, қатты түрдегі ойып түсетін өткір сода	2815 11 000
3.3. Резеңкеден жасалған үрлемелі бұйымдар (атмосфераны байқап білуге арналған қабық)	4016 95 000
3.4. Ферросилиций	7202 29 000
3.5. Алюминий ұнтағы мен қабыршықтары	7603 20 000
3.6. Сығылған немесе сұйытылған газға арналған сыйымдылығы 1000 литрден кем емес қара металлдардан жасалған ыдыстар	7311 00 910
3.7. Метеорологиялық басқа құралдар (радиозондтар)	9015 80 190
3.8. Жылуға немесе электрге сезімтал қағаздың немесе картонның негізі ретінде пайдаланылатын қағаз немесе картон	4802 20 000 4810 11 100
4. Гидрометеорологиялық ақпаратты жинау мен таратуға арналған аппаратура	

4.1. Сым арқылы байланысқа арналған электр телефон және телеграф аппараттары	8517
4.2. Телефонның автоматты жауап бергіштері	8520 20 000.
4.3. Радиотелефонды, радиотелеграфты байланысқа арналған таратушы аппаратура	8525
4.4. Радиотелефонды, радиотелеграфты байланысқа арналған қабылдаушы аппаратура	8527
5. Босалқы бөлшектер	
5.1. Конденсаторлар	8532
5.2. Электр резисторлары	8533
5.3. Электр және газ зарядтайтын қызу шамдары	8539
5.4. Электрон шамдар	8540
5.5. Дiodтар, транзисторлар, жартылай өткізгіш құралдар	8541